



## ТӨМЕНДЕГІ КӨМЕКТЕСЕДІ!



### ЕСКЕРТПЕ

Ресей Федерациясы  
территориясына  
шығатын

шетел азаматтары  
мен азаматтығы жоқ тұлғалар  
үшін заңсыз есірткі өнімдері айналымына  
қатысты жауапкершілік туралы



Ресей Федерациясы территориясында есірткі өнімдерінің еркін айналымына тыйым салынады.

Ресей Федерациясы территориясында заңсыз есірткі өнімдері айналымына қатысты істелген әрекеттер үшін тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылады және кейін сотталғандығын жойып немесе одан арылғанға дейін Ресей Федерациясына кіруге тыйым салынады.

Сонымен қылмысты істеген тұлға оның жынысы, нәсілі, ұлтына қарамастан қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Заңсыз есірткі өнімдерін алғаны, сақтағаны, тасымалдағаны, жасағаны үшін тұлғалар Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 228 бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылып, он бес жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Заңсыз есірткіні өндіргені, өткізгені, жібергені үшін тұлғалар Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 228.1 бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылып, өмірлік бас бостандығынан айырылады.

Ресей Федерациясы шекарасы арқылы есірткі өнімдерін тасымалдағаны үшін тұлғалар Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 229.1 бабына сәйкес қосымша қылмыстық жауапкершілікке тартылып, жиырма жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Есірткі өнімдерін қолданғаны үшін шетел азаматтары әкімшілік жауапкершілікке тартылып, Ресей Федерациясынан қуып шығарылады.

Шетел азаматтары есірткі өнімдерін кіші көлемде сақтағаны, қолданғаны және тарату мақсатында насихаттағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады және Ресей Федерациясынан қуып шығарылып, **5 жылға** дейін Ресей Федерациясына кіруге тыйым салынады (*әкімшілік құқық бұзу жөніндегі Кодекстің 6 тарауы*) немесе Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес депортацияланады.

Егер Сіз есірткі өнімдерін құқық қорғау органдарына өз еркіңізбен тапсырып, тергеуге белсенді көмектескен жағдайда Сіз қылмыстық жауапкершіліктен босатылсыз.

**СІЗ ҚЫЛМЫС НЕМЕСЕ ЕСІРТКІ ӨНІМДЕРІН ӨЗ  
ЕРКІҢІЗБЕН ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ РЕСЕЙ  
ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЕСІРТКІ АЙНАЛЫМЫН  
БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ФЕДЕРАЛДЫҚ  
ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСҚАРМАСЫНА ХАБАРЛАЙ  
АЛАСЫЗ**

**50-19-32**

**ОҢ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАҢЫЗ!**